

## АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ РЕСМИ МӘТІНДІ ҚҰРАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Мырзатаева Асыл Қуандыққызы**

[assylmk@gmail.com](mailto:assylmk@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Г. Сәрсекке

Зерттеу жұмысы ресми стильдегі ағылшын және қазақ мәтіндерін аудару мәселесіне арналған. Құжаттарды аудару процесіндегі ең маңызды міндет аударылған құжаттың түпнұсқадағы мәтіннің мазмұнын тікелей мағынасында жеткізуі.

Ресми мәтінді әдеби тілдің тәуелсіз стилі ретінде даралайтын бірнеше қызметтік ерекшеліктері бар. Іс қағаздары мен ресми құжаттар тілінің ерекшелігі, онда факті дәл көрсетіліп, бір ізбен жүйелі жазуға айрықша мән беріледі. Өйткені іс қағаздары да, ресми құжаттар да ерекше қатынас жасау құралы болып саналады. Ресми қағаз белгілі бір қалыпқа (штампқа) түсіп отырады, онда сөз қолданысы ерекше болады. [1,286] Ресми мәтіннің ерекше тұсы - олар мазмұнға бағытталған, эмоционалды емес, логикалық тізбекті. Ресми мәтін клишелерді, стереотиптік анықтамалар мен сөз тіркестерін қолданумен сипатталады. Сонымен қатар ресми құжат сыртқы экономикалық және саяси қызметте маңызды орын алады. Бұл тек бір елдің ғана емес, әртүрлі мәдениеттерге жататын әртүрлі елдердің арасында ақпарат алмасу және қарым-қатынас орнату құралдарының бірі.

Ресми стильдің құрамында үш шағын стиль болады:

- таза заң стилі
- әкімшілік-кеңсе стилі
- дипломатиялық стиль

Жұмыстың мақсаты морфологиялық және синтаксистік деңгейде жиі кездесетін грамматикалық өзгерістерді салыстыру арқылы анықтау болғандықтан зерттеу жұмысына дипломатиялық стильдегі түпнұсқадағы құжаттардың екі көшірмесі алынды(БҰҰ. Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция (Нью-Йорк, 2006 жыл 13 желтоқсан)).

Қазіргі таңда ресми мәтіндерді аударуға қатаң талаптар қойылады. Ресми стильдегі құжаттардың басым көпшілігі белгілі бір стандартқа лайықталғандықтан, ондағы сөздердің қолданылуы да стандартты болып келеді, яғни мұндайда сөздердің орналасу тәртібінде еркіндік бола бермейді, әр сөздің орнын сақтау қисынды саналады. Құқықтық құжаттардың тілі болуының өзі ресми стильде көптеген заң терминдерінің, қоғамдық ұғымға байланысты номенклатуралық атаулардың болуын міндетті түрде қажетсінеді. Ресми құжаттарда болсын, іс қағаздарында болсын біртектес ресми қағаздардағы ойдың баяндау жүйесінде қалыптасқан стандарт болады. Ол стандартты сақтау ресми стильдің өзіне тән қасиетін сақтау болып шығады.

№1 Кесте

### **Article 24**

#### **Education**

3. (c) Ensuring that the education of persons, and in particular children, who are blind, deaf or deafblind, is delivered in the most appropriate languages and modes and means of communication for the individual, and in environments which maximize academic and social development.

Берілген нұсқа:	Ұсынылған нұсқа:
с) соқыр, саңырау немесе соқыр-саңырау адамдарды, атап айтқанда балаларды оқыту мүгедек үшін барынша қолайлы тілдердің және қарым-қатынас әдістері мен тәсілдерінің көмегімен және білімнің игерілуі мен әлеуметтік дамуға барынша ықпал ететін жағдайда жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.	с) адамдарды оқыту, атап айтқанда соқыр, саңырау немесе соқыр-саңырау балаларды оқыту мүгедектерге барынша қолайлы тілдердің және қарым-қатынас әдістері мен тәсілдерінің көмегімен және білімнің игерілуі мен әлеуметтік дамуға барынша ықпал ететін жағдайда жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.
<b>Article 3</b>	
<b>General principles</b>	
(c) Full and effective participation and inclusion in society;	
Берілген нұсқа:	Ұсынылған нұсқа:
с) қоғамға толық және тиімді тарту және қосу;	с) толық және тиімді түрде қоғамға тарту және қосу;

Алайда, кейбір лингвистикалық және психологиялық себептерге байланысты бастапқы мәтінді жүз пайыз дәлдікпен аударуға болмайтыны түсінікті. Нақты айтқанда, дәл аударма мүмкін емес, өйткені әр түрлі тілдер мәдениеттердің айырмашылығын айтпағанда, грамматикалық жағынан да, лексикалық бірліктердің қарапайым санынан да ерекшеленеді. Мысалы ағылшын тілі мен қазақ тіліндегі сөйлем құрылысының әртүрлілігіне байланысты қазақ тіліндегі аударма дәлме-дәл болуы мүмкін емес. №1 кестеде көретініміздей дәлме-дәл аударма әрдайым түсінікті бола бермейді. Құжаттың стандартталуы, біріншіден, сөйлеуді үнемдеу талабына, екіншіден, ақпаратты өңдеу процедурасын жеңілдету қажеттілігіне және бір мәтінді әртүрлі түсіну мүмкіншілігінің алдын-алуына байланысты. Алайда, ресми мәтіннің стандарттылығын мойындай отыра, конвенция секілді дипломатиялық құжаттардың бұқара халыққа да маңызы бар екені ескерілуі тиіс. Сол себепті, заңнамалық аудармадан бөлек сөйлемге минималды мағыналық реңк беретін көмекші сөздерді қолдану арқылы адекватты аударма принципін қолданған абзал. Адекватты аударма – бұл ең алдымен аударманың тіл қолданушысына түсініктілігі түпнұсқаның түпнұсқа тілінің қолданушысына түсініктілігі секілді болуы.

*№2 Кесте*

<p><b>Article 3</b> <b>General principles</b></p> <p>The principles of the present Convention shall be:</p> <p>(a) Respect for inherent dignity, individual autonomy including the freedom to make one’s own choices, and independence of persons;</p> <p>(b) Non-discrimination;</p> <p>...</p> <p>(h) Respect for the evolving capacities of children with disabilities and respect for the right of children with disabilities to preserve their identities.</p>	<p><b>3-бап.</b> <b>Жалпы қағидаттар</b></p> <p><b>Мыналар:</b></p> <p>а) адамға тән қадір-қасиетті, оның өз таңдауын жасау еркіндігін қоса алғандағы жеке дербестігін және тәуелсіздігін құрметтеу;</p> <p>б) кемсітпеушілік;</p> <p>...</p> <p>h) мүгедек балалардың даму қабілеттерін құрметтеу және мүгедек балалардың өз жеке қасиетін сақтау құқықтарын құрметтеу осы Конвенцияның қағидаттары болып табылады.</p>
<p><b>Article 18</b> <b>Liberty of movement and nationality</b></p> <p>1. States Parties shall <b>recognize</b> the rights of persons with disabilities to liberty of movement, to freedom to choose their residence and to a nationality, on an equal basis with others, including by ensuring that persons with disabilities:</p> <p>(a) Have the right to acquire and change a nationality and are not deprived of their nationality arbitrarily or on the basis of disability;</p> <p>...</p> <p>(d) Are not deprived, arbitrarily or on the basis of disability, of the right to enter their own country.</p>	<p><b>18-бап.</b> <b>Еркін жүріп-тұру және азаматтық</b></p> <p>1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің басқалармен тең дәрежеде еркін жүріп-тұру, тұрғылықты тұратын жерін еркін таңдау және азаматтық алу құқықтарын, оның ішінде мүгедектердің:</p> <p>а) азаматтық алу және оны өзгерту құқығының болуын және өз азаматтығынан еркін түрде немесе мүгедектік себебі бойынша айырылмауын;</p> <p>...</p> <p>d) өз еліне кіру құқығынан ерікті түрде немесе мүгедектік себебі бойынша айырылмауын қамтамасыз ету арқылы <b>мойындайды.</b></p>

Сөйлем құрылымында негізгі хабар-мәліметтің маңызды, қажетті мәселелерін көрсетумен қатар нақтылық пен ықшамдылық талаптарын қатаң сақтау ресми-іс қағаздар стилінің басты ерекшелігі болып табылады. Кез келген стандарт тілдік бірлік дамудың ұзақ үдерісінен өткен, ұзақ жылдардың жемісі ретінде танылады. Белгілі бір қолданыстар ресми-іс қағазының белгілі бір түріне ыңғайлы, анық, ойды дәл жеткізетін т.б. қасиеттеріне қарай жиі қолданылуы нәтижесінде стандарт тілдік бірлікке айналады да, ресми-іс қағаздар тілі үшін нормалану процесіне енеді. Стандарт тілдік бірліктер - іс қағаздар тілін барынша анық, дәл түсінуге, мәтін

мазмұнын ашуға, тез қабылдауға қажетті шарттардың бірі [2,10]. Стандарт тілдік бірліктер мен ресми құжаттағы шаблонды штамптардың орын тәртібі берілген мәтін аудармасының мағынасының анықтылығына тікелей әсер етеді. Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция секілді көлемді конвенциялар баптардың бірнеше бөліктерінен тұрады және бап тармақтарына бір мағына жүктеледі. №2 кестедегідей тармақталған заңнаманың мағыналық бөлшегі ағылшын тілі мен қазақ тілінің сөйлем құрылымына байланысты ерекшеленді. Қазақ тілінің сөйлем тәртібіне байланысты мағыналық бөлшектің құрамы сөйлемнің соңында кездеседі. Бұл ақпаратты қабылдау барысында қиындықтар туғызады. Сол себепті, нәтижесінде адекватты аудармаға қол жеткізуіміз үшін қазақ тілінің сөз тәртібін сақтай отыра ағылшын тілінің ақпаратты баяндау стандартына ыңғайластырғанымыз жөн.

Бірақ кез-келген жағдайда тиісті аударманың негізгі белгілері оның дәлдігі мен толықтығы болып табылады. Толықтығы түпнұсқаның маңызды бөліктерін жіберуге тыйым салады. Аудару кезінде мәтінде жазылған ақпарат толық түрде және аударылатын тілдің заңдары мен нормаларына сәйкес берілуі тиіс.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев Қазақ тілінің стилистикасы - Алматы: “Дәуір”, 2005 ж. - 256 б.
2. А.Шонайбаева Қазіргі қазақ өкілеттілік іс қағаздары тіліндегі стандарт тілдік бірліктер - Алматы, 2010

ӘОЖ 81'342:82-1

## **ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ПОЭЗИЯ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ӨЛШЕМІ**

**Наркеш Наргиза Серікбайқызы**

[nargiza.narkeshova@mail.ru](mailto:nargiza.narkeshova@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б. Әбдуәліұлы

Поэзияның жылдар өткен сайын тақырыбы түрленгенімен, фонетикалық жүйесі, құрылымы жалғасын тауып, дамып келеді. Поэзиядағы дәстүрлі өлең жүйесінің бастау арнасы ретінде халықтың фольклорлық поэзиясының орны ерекше. Қазақ халқының бай фольклорлық поэзиясы тілінің дыбыстық жүйесі мен осы жүйенің айтушыға жеңіл, тыңдаушыға жағымды сипатын арттыратын фонетикалық құрылымы өз алдына арнайы зерттеулерді қажет етеді.

Өлең құрылысының басты компоненттері – буын, бунақ, ырғақ, ұйқас. Өлеңді оқығанда, оның әр тармағы бір тәртіпке салынғаны сезіледі. Ырғақ өмірде қандай маңызды болса, өлеңде де маңызы зор. Академик З. Қабдолов «өлеңнің әр сөзін ырғақты сөз деп, өлеңді оқу, тыңдау, түсіну, өлеңге тұшыну, толқу, тебірену – бәрі ырғаққа байланысты», – деп, өлеңдегі ырғақтың маңызын көрсететін анықтама береді[1, 267].

Қазақ өлең жүйесі силлабикалық болғандықтан, өлең құрылысы әуелі буынға негізделеді. Буын жайын толық түсінбей, өлең құрылысын дұрыс тануға болмайды. Әр ғасыр поэзиясында өлеңнің буын жүйесіне енген жаңашылдықтармен қатар фольклор поэзиясының жүйесі де көрініс береді. Өлең құрылымы бастан-аяқ бөлек сипатта жазылғанымен, қалыптасқан өлең заңдылықтарына сай, осы күнге дейін орныққан өлеңдермен құрылысы ұқсас келеді.

Ауыз әдебиетінде кеңінен кездесетін он бір, он екі, жеті-сегіз буынды өлең, жыр түрлері поэзияда үздіксіз қолданыста, жалғасын тапты. Фольклорлық поэзия аталған буын түрлерімен